

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2012 жылғы 5 қазандағы № 362 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрілігі Инвестиция комитеті (Е.Қ. Хаиров) бір апта мерзім ішінде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы *А. Рау*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж әне ж а ң а
т е х н о л о г и я л а р м и н и с т р і н і ң
бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1) «Арнайы экономикалық аймақтар қызметін регламенттейтін құжаттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы 18 қазандағы № 305 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 8 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4985 болып енгізілген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2007 ж., № 12, 294-құжат жарияланған).

2) «Арнайы экономикалық аймақтар қызметін регламенттейтін құжаттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы 18 қазандағы № 305 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 14 наурыздағы № 89 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 9 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5185 болып енгізілген, «Заң газеті» 2008 жылғы 25 сәуірдегі № 62, (1462), Қазақстан Республикасының Орталық

атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2008 жылғы 17 шілде, № 7 жарияланған).

3) «Арнайы экономикалық аймақ туралы ереженің жобасын және экономикалық негіздемесін, тұжырымдамасын құру туралы талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы 24 қазандағы № 311 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 12 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4996 болып енгізілген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде, 2007 ж., № 12, 295 - құжат жарияланған).

4) «Жеке және заңды тұлғаларды арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыруға жіберу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы 15 қазандағы № 302 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрі міндетін атқарушысының 2008 жылғы 26 ақпандағы № 59 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 28 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5173 болып енгізілген, «Заң газеті» 2008 жылғы 25 сәуірдегі № 62, (1462), Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2008 жылғы 17 шілде, № 7 жарияланған).

5) «Арнайы экономикалық аймаққа қатысушыларға растауды беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2009 жылғы 5 ақпандағы № 31 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 20 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5553 болып енгізілген, «Заң газеті» 2009 жылғы 6 наурызда № 62, (1462) жарияланған).